

**Маңғыстау облысындағы жер мәселелері туралы өткен кәсіпкерлердің  
құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
Кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ №1**

Ақтау қаласы  
КП ғимараты

31.01.2020 ж.  
сағ. 17:00

**Қатысқандар:**

- 1. Ч.Сұлтанов – Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің төрағасы;
- 2. А.Көптілеуов – Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің хатшысы;
- 3. Х.Измаилов - Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшесі;
- 4. Ж.Маршакұлы - Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшесі;
- 5. Б.Есенов - Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшесі;
- 6. З.Есбергенова - Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшесі;
- 7. К.Суйеуов - Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшесі;
- 8. М.Алибиев - Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшесі;
- 9. О.Кипчаков – МО прокуратурасының баскарма прокуроры;
- 10. А.Жарылғасов - Кәсіпкерлер палатасының сарапшысы;
- 11. Б.Кабаев – Кәсіпкерлер палатасының сарапшысы;
- 12. Кәсіпкерлер.

**Күн тәртібі**

**Өңірдегі сұйытылған мұнай газына қатысты жүйелі проблемалар туралы**  
(баяндамашы Б.Кабаев)

Жиынды Маңғыстау облысының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің төрағасы **Ч.Сұлтанов** ашып, баяндама жасау үшін **Б.Кабаевқа** сөз берілді. Одан әрі баяндамашы кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес өңірдегі сұйытылған мұнай газына қатысты жүйелі проблемалары туралы баяндама жасады (*баяндама мәтіні қосымша жалғанады*).

**Кәсіпкерлер**, сұйытылған мұнай газын «Алан Трейд» ЖШС-нің ЭСА арқылы сату кезінде ұйымдастыруы мен өткізуіне және газбен қамтамасыз ету

ұйымдарының газды кәсіпкерлерге бөлу кезінде әділетсіздік орын алып отырғанын, жариялықтың жоқтығын мәлімдеді. Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» зауыттан тікелей келісім-шарт жасақтап алатынын, жергілікті атқарушы органдар Жаңаөзен қаласының кәсіпкерлерімен келісім жасақтап, оларға газды басқа кәсіпкерлерге қарағанда арзан бағаға сатып отырғанын, кейбір газ құю бекеттері заң талаптарына сәйкес келмейтінін айтып, сыбайлас жемқорлықтың белгілері болуына байланысты Прокуратура органы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің тексеру жүргізуін сұрады. Сөз соңында, Маңғыстау облысының кәсіпкерлері ЭСА арқылы сұйытылған мұнай газын сатып алуға дайын емес екенін, сондықтан, уақытша моратория жариялап, арадағы делдалдарды алып тастап, тікелей зауыттан алуды ұсынды.

**О.Кипчаков**, ҚР Президенті шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге моратория жариялағанын, дегенмен, кез-келген уақытта облыстық прокуратураға жеке қабылдауға келуге немесе арыз беруге болатындығын, одан әрі заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданатынын түсіндірді.

**А.Көптілеуов**, кәсіпкерлердің барлық ұсыныстары ескерілетінін, алайда, ҚР 2013 жылғы 4 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Заңының 28 бабына сәйкес, ҚР заңнамасына сәйкес тіркелген және ҚР аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын барлық коммерциялық заңды тұлғалар ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшелері болып табылатынын негізге алып, яғни екі тарапта бизнес субъектісі болған жағдайда, дауға қатысушылардың бірінің жағында Палатаның араласуы дұрыс емес деп есептейтінін айтып өтті.

### **Кенес мүшелері бірауыздан шешім қабылдады:**

1. **Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Б.Кабаевтың баяндамасы назарға алынсын;**

2. **Маңғыстау облысының әкіміне ұсынуға:**

- Аталған мәселелерді нақты, жан-жақты қарау және шешу мақсатында, жергілікті атқарушы орган, мәслихат депутаты, облыс прокуратурасы, антимонополия, кәсіпкерлер палатасы мен кәсіпкерлердің өкілдерін жұмылдыра отырып, жұмыс тобын құру;

3. Ағымдағы жылдың ақпан айында Маңғыстау облысының кәсіпкерлер палатасының алаңында «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы АҚ бірлесіп, сұйытылған мұнай газды сатып алушыларға арналған «Электрондық сауда-саттық қатысушыларымен Товар биржасында сұйытылған мұнай газ сауда-саттық ұйымдастыру» тақырыбында **семинар-сабақ** өткізуге.

4. Аталған жүйелік проблеманы БАҚ-та кеңінен жариялауға;

5. Осы хаттаманың көшірмесін Өңірлік кеңеске мәлімет үшін жолдауға;

**Кенес төрағасы**

**Хатшы**

**Ч. Сұлтанов**

**А. Көптілеуов**